

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С.16-18

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРЫН АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТЫРЫ.

Бельгибаева Б.
Қасен Қ.
Кемешов Ж.Ө.

Жұқпалы ауруларға қарсы іс-шараларды жоспарлау қағидаттары ветеринариялық қызметтің ерекше саласына қатысты, ветеринариялық қызмет жоспарлаудың мынадай қағидаттарын қабылдауы және пайдалануы тиіс: бірлік, кешенділік, демократиялылық және жетекші буын.

Жоспарлау бірлігі қағидаты жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдердің, шикізаттың ведомстволық тиесілігіне, сондай-ақ шаруашылықтардың мақсаты мен түріне қарамастан, белгілі бір аумақта ветеринарлық іс-шараларды орындаудың міндеттілігін болжайды. Бұл ретте ҚР «Ветеринария туралы» заңды, қолданыстағы нұсқаулықтарды, ережелерді және әдістемелік нұсқауларды қатаң басшылыққа алған жөн.

Ветеринариялық жоспарларға қойылатын маңызды талаптардың бірі әрбір елді мекеннің эпизоотиялық жағдайын, инвазиялық аурулар бойынша қолайсыздықты, жұқпалы емес аурулар бойынша аурулардың жай-күйін, жүргізілген профилактикалық, емдеу, сауықтыру іс-шараларының тиімділігін сипаттайтын ветеринариялық статистика деректерін есепке алу болып табылады. (В. П. Урбан, Н. М. Калишин, 1991; И.Н. Никитин, 1996; Н. Кузьм ин., 2002 ж. С.Қ. Әбдірахманов 2011).

Ветеринариялық статистика ветеринариялық іс-шараларды жоспарлаумен айналысатын маманды жалпылау көрсеткіштерінің әдістерімен белгіленген жаппай құбылыстардың заңдылықтары туралы біліммен қаруландырады. Малдардың ауруы мен өлімі туралы, жүргізілген іс-шаралар туралы статистикалық деректер қандай да бір алдын алу немесе сауықтыру шараларын ғылыми негізді жоспарлауға мүмкіндік береді. Ветеринар дәрігерлердің, ветфельдшерлердің саны, бір ветеринариялық маманға жүктеме, ветеринарлық мекемелердің материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы статистикалық деректер ветеринария мамандарына қажеттілікті жоспарлау мүмкіндігін, оларды орналастыруды, сондай-ақ ветеринария мекемелері мен қызметтерінің материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Біз жазғы машықтану кезінде ветеринариялық іс-шаралар жоспарының негізгі түрлері ветеринариялық қызметтің жұмыс тәжірибесінде келесі жоспарлар ажыратылатынын көрдік.

Машықтануда Ақмола облысы Целиноград және Астрахан аудандары бойынша жоспарлар ұзақ уақытқа (мерзімге) есептеліп жасалған екен. Оларға мыналар жатады:

- Ауданда (Целиноград және Астрахан) тіркелген шаруашылықтарды немесе өңірлерді созылмалы жұқпалы немесе инвазиялық аурулардан сауықтыру (2019-2021 жылдар);

- кадрларды даярлау және қайта даярлау(2019-2021 жылдар);

- ветеринарлық мекемелер желісін дамыту (2020 жыл);

- ветеринариялық іс-шараларды материалдық-техникалық жарақтандыру және қаржыландыру (үнемделген қаражаттан);

Машықтану барысын біз ветеринариялық іс-шаралардың ағымдағы (және жылдық) жоспарларын ветеринариялық мекемелердің және шаруашылықтардың ветеринариялық қызметтерінің басшылары жасаған деректермен танысып жұмыс жасадық.

Оларға төмендегі жоспарлар жатады:

- жұқпалы емес аурулардың алдын алу;

- профилактикалық және эпизоотияға қарсы іс-шаралар;

- ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар;

- жануарлар ауруларын жою және шаруашылықтарды сауықтыру жөніндегі іс-шаралар;

- ветеринариялық білімді насихаттау (аудандық газеттермен, радиода);

- ветеринариялық іс-шараларды қаржыландыру (мемелекттік);

- ветеринариялық мекемелерді жөндеу (мүмкіншілік бойынша);

- ветеринариялық мамандардың біліктілігін арттыру (ЖОО келісім шарт аясында, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ., т.б);

- мал шаруашылығы кешендеріндегі ветеринариялық іс-шаралар (технологиялық карта).

Жедел жоспарларды ветеринариялық қызметтердің басшылары белгілі бір күнтізбелік мерзімге жасайды (аусыл мысалында эпизоотиялық ошақты жою, тоқсанға, айға, аптаға арналған жұмыс жоспары).

Эпизоотияға қарсы профилактикалық іс-шаралар жоспары бойынша Ақмола облысы Целиноград және Астрахан аудандарында жұмыстар қанағатанарлық деп есептеледі.

Мал шаруашылықтарын жұқпалы аурулардың таралуынан қорғау ветеринарлық мамандардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады, сондықтан эпизоотияға қарсы іс-шаралар жоспарлы тәртіппен жүргізілуде. Олар аудандағы әр шаруашылықта бас ветеринар дәрігер ұсынған нысан бойынша әзірленетінін көрдік.

Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жоспарында бруцеллез, жануарлардың туберкулезі, паратуберкулез энтериті, трихомоноз, лейкоз, ірі қара малдың вибриозы, маңқа және т.б жылқы ауруы, құстардың пуллорозы, етқоректілердің жұқпалы ауруына жаппай диагностикалық зерттеулер көзделген.

Аудандардағы құс фабрикалары мен оларға іргелес елді мекендерде Ньюкасл ауруына қарсы табынды иммундауды міндетті түрде жоспарлайды.

Жұқпалы ларинготрахеитке, колибактериозға, пастереллезге, жіті дифтеритке, спирохетозға, Марек ауруына қарсы табынды вакцинациялау эпизоотиялық жағдайды ескере отырып жүргізіледі.

Жұқпалы ауруларды жою жоспарын орындау барысында нақтылау және толықтырулар енгізу қажеттілігі туындаса, онда қосымша іс-шараларды шаруашылық басшылары немесе аудан әкімшілігінің қайта шешімімен бекітеді. Белгілі бір уақыттан кейін аудандық әкімшілік бекітілген іс-шаралар жоспарының орындалуын тексеруді ұйымдастырады, шаруашылық басшыларын тыңдайды және жоспарды орындаудағы кемшіліктерді белгілейтін және қосымша шаралар мен оларды жүзеге асыру мерзімдерін белгілейтін тиісті шешім қабылдайды. Негізі машықтану барысындағы кәсіби саладығы жоспарларды талқылау жұмысы студенттерге өте қажетті деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманов С.К. Эпизоотологический мониторинг и организация ветеринарных мероприятий. Астана, 2011. 37 б.
2. Никитин, И.Н. Организация и экономика ветеринарного дела / И.Н. Никитин, В.А. Апалькин - М., «КолосС», 2008. – 368 с. – ISBN 978-5-9532-0558-0
3. Агольцов, В.А. Организация ветеринарного дела и экономика ветеринарных мероприятий / В.А. Агольцов, А.В. Красников. – Саратов, 2010. – 299 с. http://library.sgau.ru/cgi-bin/irbis64r_01/cgiirbis_64.exe